"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
"ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
ПО ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН"

160002, Шымкент қ., Водопьянов көшесі, 14-ғимарат
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
ММ код 2170025, СТН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000
KSN 0000000
ОҚО бойынша Қазынашылық Департаменті БСН 000440001616

160002, г. Шымкент, ул. Водопьянова, 14-здания
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
Код ГУ 2170025, РНН 582100008585, ИИК KZ 92070101

Департамент Казначейства по ЮКО БСН 000440001616

09-15/2580
15.05.2018

**«Нұр-Жер»
ЖШС-нің директоры
Ж.Ш.Омаровқа**

(Кіріс:05.05.2018ж. ЗТ-О-922)

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде *(әрі қарай – Департамент)* Сіздің 05.05.2018 жылғы №13225 арызыңыз қаралды.

Департамент тарапынан, «Сайрам аудандық құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесімен өткізілген №2415121-1 «ОҚО Сайрам ауданы Көлкент ауыл округі Көлкент ауылының әкімдік ғимаратын күрделі жөндеу» жұмыстарын сатып алуға өткізілген ашық конкурсының заңдылығына камералдық бақылау жүргізіліп, нәтижесінде төмендегі мән-жайлар анықталды:

ҚР Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» *(ары қарай – Қағидалар)* Қағиданың 85-1 тармағына сәйкес, *тапсырыс берушіге шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті материалдық және еңбек ресурстары конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікте көрсетіледі.*

Құрылыс жұмыстары (жаңа құрылыс, бар объектілерді кеңейту, техникалық қайта жасақтау, жаңғырту, реконструкциялау, қайта жаңарту және <u>күрделі жөндеу</u>) бойынша мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру, техникалық-экономикалық негіздеме, жобалау-сметалық құжаттама және қала құрылысы жобаларын әзірлеу кезінде әлеуетті өнім берушілердің материалдық және еңбек ресурстарының болуын растайтын құжат Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес берілген тиісті <u>рұқсат (лицензия) болып табылады</u>.

Яғни, осы конкурстың құжаттамасында куәліктер, сертификаттар, дипломдар және басқа да құжаттар өнім беруші үшін міндеттілік «*иә*» деп көрсетілгенімен ешқандай әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтінімдерін бұндай себеппен конкурстан шеттетілмегендігі анықталды.

Сонымен қатар, ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 2 бабы 10) тармағына сәйкес «*Конкурстық комиссия (аукциондық комиссия) – осы Заңда көзделген конкурс (аукцион) тәсілімен мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсімін орындау үшін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы құратын алқалы орган. Конкурстық комиссия (аукциондық комиссия) тақ саннан, бірақ кемінде үш адамнан тұруға тиіс;*» делінген.

Алайда, камералдық бақылаудың барысында конкурстық комиссия құрамы үш адамнан тұратындығы және конкурстың алдын ала рұқсат беру хаттамасымен қорытынды хаттамасын жариялау барысында бір комиссия мүшесінің еңбек демалысында екендігі анықталды. Растаушы құжат ретінде конкурстық құжаттаманың «*қосымша мәліметтер*» ұяшығында бір комиссия мүшесіне еңбек демалысы берілгендігі туралы мекеменің бұйрығы тіркелген.

Жоғарыдағылардың негізінде, Сіздің шағымдарыңызда көрсетілген уәждеріңіз бойынша конкурстық комиссияның іс-әрекетінде заң бұзушылықтар деректері анықталмады.

Департамент жауабына келіспеген жағдайда Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтарындағы №221 «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңның 12 және 14 баптарына сәйкес жоғары тұрған органға немесе сотқа шағымдануға құқылы екендігіңізді назарыңызға саламыз.

Департамент басшысының
орынбасары **К.Сапарбеков**

Орын: О.Ажибеков
тел 35-00-35 (ішкі: 116, 117)